

тауар рыногы - осы Шартқа қатысушы мемлекеттердің (бұдан әрі - қатысушы мемлекеттер) немесе олардың бөліктерінің аумақтары шегіндегі алмастырушысы жоқ тауарлардың (өнімдердің, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) не өзара алмастырылатын тауарлардың айналым аясы;

бәсекелестік - шаруашылық жүргізуші субъектілердің өздерінің дербес іс-қимылдары олардың әрқайсысының тиесілі тауар рыногындағы тауар айналымының жалпы шарттарына бір жақты ықпал ету мүмкіндігін тиімді түрде шектейтін және тұтынушыға қажет тауарларды өндіруді ынталандыратын бәсекелестігі;

үстем жағдай - жеке немесе басқа шаруашылық жүргізуші субъектілермен бірлесе отырып, тұтынушыларды және/немесе бәсекелестерді өзінің жасаған шарттарын қабылдауға мәжбүр етуге, рынокқа басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің кіруін немесе бәсекелестікті басқаша шектеуге мүмкіндік беретін шаруашылық жүргізуші субъектінің тауар рыногындағы айрықша жағдайы;

монополиялық іс-әрекет - шаруашылық жүргізуші субъектілердің, өкімет пен басқару органдарының бәсекелестікке жол бермеуге, шектеуге немесе жоюға бағытталған және/немесе тұтынушылардың заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін монополияға қарсы ұлттық заңнамаларға қайшы келетін іс-қимылдары (әрекетсіздігі);

жат пиғылды бәсекелестік - шаруашылық жүргізуші субъектілердің монополияға қарсы ұлттық заңдарға, іскерлік айналым әдеттеріне қайшы келетін және басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерді шығындарға душар етуі немесе душар еткен не олардың іскерлік беделіне нұқсан келтіруі мүмкін кәсіпкерлік қызметтегі артықшылықтарды иеленуге бағытталған кез келген іс-қимылдары (әрекетсіздігі);

монополияға қарсы заңнамалар - қатысушы мемлекеттер аумағында қолданылып жүрген монополиялық іс-әрекетті және жат пиғылды бәсекелестікті ескерту, шектеу және жолын кесу жөніндегі ережелерден тұратын нормативтік құқықтық актілер;

монополияға қарсы орган - монополияға қарсы заңнамалардың сақталуын бақылауды іске асыруға қатысушы мемлекет органы;

тергеу (зерттеу) - монополияға қарсы заңнамалардың бұзушылықтар туралы істерді қарау арқылы қолданылуы, тауар рыноктарын зерттеу, сондай-ақ қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдарының уәкілеттігіне жатқызылған іс-қимылдарды жасауы.

2-бап. Мақсаттар мен міндеттемелер

1. Осы Шарттың мақсаты - монополияға қарсы келісілген саясатты жүргізу және бәсекелестікті дамыту жөніндегі Тараптар ынтымақтастығының құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін құру, сондай-ақ сауда мен экономикалық дамуға қайшы келетін факторларды жою және монополиялық іс-әрекет және/немесе жат пиғылды бәсекелестік салдарынан қатысушы мемлекеттердің экономикалық мүдделеріне нұқсан келтіретін іс-қимылдарды болдырмау.

2. Осы Шарттың міндеттемелері:

монополиялық іс-әрекетті және/немесе жат пиғылды бәсекелестікті ескерту, шектеу және жолын кесу жөніндегі бірлескен іс-қимылдарды үйлестіру; монополияға қарсы заңнамаларды осы Шартты іске асыруға қажетті шамада ж а қ ы н д а т у ;

бәсекелестікті дамытуға, тауар рыноктарының тиімді жұмыс істеуіне және тұтынушылардың құқықтарын қорғау үшін жағдайлар жасау; шаруашылық жүргізуші субъектілердің, өкімет және басқару органдарының монополиялық іс-әрекетін қарау мен бағалау және осы негізде ынтымақтастық тетігін құру тәртібін келістіру болып табылады.

3-бап. Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары

1. Бәсекелестікті шектеуге, басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің немесе тұтынушылардың заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін не нұқсан келтіруі мүмкін не жат пиғылды бәсекелестіктің көрінісі болып табылатын іс-қимылдарға жол берілмейді және қатысушы мемлекеттердің монополияға қарсы заңнамаларына сәйкес баға б е р і л е д і .

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген іс-қимылдарға:

1) үстем жағдайды теріс пайдалану, атап айтқанда:

монополиялық жоғары пайда табу немесе бәсекелестерді жою үшін сатып алу немесе сату бағаларына немесе мәміленің басқа да әділетсіз талаптарын таңу (қолдау); тиісті рынокта тұтынушыларға нұқсан келтіре отырып, бағаларды негізсіз көтеру тапшылықты жасау немесе қолдау мақсатында өндіруді немесе өткізуді шектеу; шаруашылық жүргізуші әріптестерге тең шарттар кезінде олар үшін бәсекелестіктің тең емес талаптарын жасайтын бірдей емес көзқарасты қолдану; басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің рынокқа қол жеткізуіне кедергі жасау;

2) шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы бәсекелестікке қарсы келісімдер мен келісілген іс-қимылдар, олар:

тауар рыногын аумақтық қағидат бойынша, сатулар немесе сатып алулар көлемі бойынша, ассортимент немесе тұтынушылардың тобы бойынша бөлу;

басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің сатушылар немесе сатып алушылар ретінде тиісті сауда рыногына қол жеткізуін шектеу;

сатып алу немесе сату бағаларын немесе мәміленің басқа шарттарын белгілеу; өндіруді, өткізуді, техникалық дамуды, инвестициялық процестерді бақылау;

шаруашылық жүргізуші әріптестерге осы Шарттың тақырыбына қатысы жоқ және олардың мүдделеріне нұқсан келтіретін мәміленің қосымша шарттарын таңу;

шаруашылық жүргізуші әріптестерге тең шарттар кезінде тиісті тауар рыногындағы бәсекелестік үшін қолайсыз жағдайлар жасайтын бірдей емес көзқарасты пайдалану арқылы тауар рыноктарындағы немесе олардың тиісті бөліктеріндегі бәсекелестіктің е р к і н д і г і н ш е к т е й а л а д ы ;

3) жат пиғылды бәсекелестік, атап айтқанда:

басқа шаруашылық жүргізуші субъектіге шығын келтіруге не оның іскерлік атағына нұқсан келтіруге қабілетті жалған, дәл емес немесе бұрмаланған мәліметтер тарату;

тұтынушыларды тауардың жасалу сипатына, тәсілі мен орнына, тұтынушылық қасиеттеріне, сапасына қатысты адастыру;

шаруашылық жүргізуші субъектінің жарнама қызметінің процесі кезінде өздері өндіретін немесе өткізетін тауарларын басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің тауарларымен орынсыз салыстыруы;

басқа шаруашылық жүргізуші субъектінің тауар белгісін, тауардың фирмалық атауын немесе таңбасын өз бетінше пайдалану, сондай-ақ тауардың нысанын, буып-түйілуін, сыртқы безендірілуін көшіріп алу;

ғылыми-техникалық өндірістік немесе сауда ақпаратын, олардың ішінде коммерциялық құпияны оның иесінің келісімінсіз алу, пайдалану, жария ету жатады.

3. Бәсекелестікті шектейтін іс-қимылдарды немесе келісімдерді бағалау кезінде олардың техникалық немесе экономикалық прогреске, тауар рыноктарын толтыруға, тауарлардың тұтынушылық қасиеттерін жақсартуға, олардың бәсекелестік қабілетін арттыруға жәрдемдесу фактісі ескеріледі.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген бәсекелестік қағидаттарына сәйкес қатысушы мемлекеттердің өзара іс-қимыл рәсімі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын мемлекеттердің монополиялық іс-әрекетті және жат пиғылды бәсекелестікті болдырмау жөніндегі өзара іс-қимылы туралы Ережемен (1-қосымша) айқындалады.

4-бап. Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңес

1. Тараптар осы Шартты іске асыру үшін Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңес (бұдан әрі - Монополияға қарсы кеңес) құрады.

2. Монополияға қарсы кеңестің басты міндеті монополиялық іс-әрекетті, жат пиғылды бәсекелестікті бағалаудың өлшемдері мен тәсілдерін, бәсекелестік ережелерін бұзу жөніндегі істі тексеру рәсімін жасау, сондай-ақ бәсекелестіктің тауар рыногындағы ережелерін бұзушы шаруашылық жүргізуші субъектілерге, өкімет және басқару органдарына ықпал ету ережелері мен тетіктерін жасау және оларды Тараптар арасында келістіру болып табылады.

Монополияға қарсы кеңестің қызметін қамтамасыз ету үшін тұрақты негізде жұмыс істейтін Хатшылық құрылады.

3. Монополияға қарсы кеңестің мәртебесі мен оның міндеттемелері осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңес туралы ережемен (2-қосымша) айқындалады.

5-бап. Тараптардың міндеттері

1. Тараптар осы Шарттан туындайтын міндеттемелерді іске асыру жөнінде шаралар қабылдайды.

2. Тараптар Монополияға қарсы кеңеске оның міндеттерін орындауға жәрдемдесуге міндеттенеді.

6-бап. Ақпарат алмасу

1. Тараптар ұлттық заңнамалар талаптарын ескере отырып: тауар рыноктарының жағдайы, экономиканы құрылымдық қайта құру шеңберіндегі монополиясыздандыру көзқарастары мен нақты нәтижелері, монополиялық іс-әрекет пен жат пиғылды бәсекелестікті ескерту, шектеу және жолын кесу жөніндегі жұмыстың әдістері мен тәжірибесі туралы;

қатысушы мемлекеттердің тауар рыноктарына өнім жеткізіп тұруды жүзеге асыратын монополиялық кәсіпорындардың ұлттық тізілімдерінде баяндалатын мәліметтер туралы;

монополияға қарсы заңнамаларды бұзушылықтар туралы істерді қарау тәжірибесі туралы ақпарат алмасады.

2. Тараптар монополияға қарсы саясат жөніндегі ұлттық заңнамалар мен нормативтік құжаттар әзірлеу кезінде ақпарат беру және әдістемелік көмек көрсету арқылы ынтымақтасады.

7-бап. Қорытынды ережелер

1. Осы Шарт қол қойылған күнінен бастап, ал заңнамалары оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді жүзеге асыруды талап ететін мемлекеттер үшін - олардың көрсетілген рәсімдерді орындау туралы хабарламаны депозитарийге сақтауға тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Шарт күшіне енген күнінен бастап 1993 жылғы 23 желтоқсандағы Монополияға қарсы келісілген саясатты жүргізу туралы шарт пен оның қолданылу мерзімін ұзарту туралы 1999 жылғы 4 маусымдағы Хаттаманың күші жойылды деп танылсын.

2. Осы Шарт бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптар өзге шешім қабылдамаса үнемі бес жылдық кезеңге өздігінен ұзартылып отырады.

3. Осы Шарттың қолданылуына немесе түсіндірілуіне байланысты туындайтын даулы мәселелер мүдделі Тараптардың кеңесу және келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

4. Осы Шартқа Тараптардың ортақ келісімімен Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

5. Кез келген Тарап осы Шарттан шығуға құқылы, ол өзінің ниеті туралы екінші Тарапты шығатын күнінен үш ай бұрын хабардар етуге тиіс.

6. Осы Шарт оның мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін және Шарт жөніндегі міндеттемелерді өзіне алуға дайын басқа мемлекеттердің оған қосылуы үшін ашық.

Мәскеу қаласында 2000 жылғы 25 қаңтарда орыс тілінде бір түпнұсқа дана болып жасалды. Түпнұсқа дана осы Шартқа қол қойған әрбір мемлекетке расталған

көшірмесін жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

Әзербайжан Республикасының Үкіметі үшін	Молдова Республикасының Үкіметі үшін
Армения Республикасының Үкіметі үшін	Ресей Федерациясының Үкіметі үшін
Беларусь Республикасының Үкіметі үшін	Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін
Г р у з и я Үкіметі үшін	Т ү р і к м е н с т а н Үкіметі үшін
Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін	Өзбекстан Республикасының Үкіметі үшін
Қырғызстан Республикасының Үкіметі үшін	Украина Үкіметі үшін

2000 жылғы 25 қаңтардағы
Монополияға қарсы келісілген
саясатты жүргізу туралы
шартқа 1-қосымша

Мемлекеттердің монополиялық іс-әрекет және жат пиғылды бәсекелестіктің жолын кесу жөніндегі өзара іс-қимылы туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер және қолданылу аясы

1.1. Осы Ереже бәсекелестік қағидаттарын қолдану жөніндегі өзара іс-қимыл рәсімін белгілейді және қатысушы мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің үстем жағдайды теріс пайдалануларына, бірлестіктеріне, келісімдеріне байланысты (келісілген іс-қимылдарына, жат пиғылды бәсекелестігіне), сондай-ақ бәсекелестікті шектейтін басқа да іс-қимылдарға (әрекетсіздікке) қатысты қолданылады , е г е р :

бұл іс-қимылдарға тауар рыноктарында өзінің кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын екі немесе одан да көп шаруашылық жүргізуші субъектілер қатысса;

бұл іс-қимылдар қатысушы мемлекеттердің біреуінің тауар рыноктарында өзінің кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырушы бір немесе одан да көп шаруашылық жүргізуші субъектілермен жасалса және басқа қатысушы мемлекеттердің немесе олардың біреуінің тауар рыноктарындағы бәсекелестікті (жат пиғылды бәсекелестікті) шектеуге не басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің немесе тұтынушылардың заңды мүдделеріне нұқсан келуіне әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса.

1.2. Осы Ереже егер шаруашылық жүргізуші субъектілердің, олардың бірлестіктерін қоса, келісімдері (келісілген іс-қимылдары), сондай-ақ үстем жағдайды теріс пайдалануы, жат пиғылды бәсекелестік және шаруашылық жүргізуші

субъектілердің басқа да іс-қимылдары тек бір қатысушы мемлекет аумағында жүзеге асырылған, қатысушылар мемлекеттер арасындағы импорт немесе экспортқа қатысы болмаған және басқа қатысушы мемлекеттердің мүдделеріне ықпал етпеген жағдайда қ о л д а н ы л м а й д ы .

1.3. Осы Ережеде көзделген өзара іс-қимылдарды монополияға қарсы органдар жазбаша хабарламалар, ақпарат сұратулар, істі қарау туралы өтініштер, кеңестер н ы с а н ы н д а жү з е г е а с ы р а д ы .

1.4. Осы Ережені қатысушы мемлекеттердің аумақтарында іске асыру өкілеттіктерді ұлттық заңнамаларға сәйкес ведомствоаралық бөлу ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

2. Хабарлама

2.1. Егер қатысушы мемлекеттердің біреуінің құзыретті органы тексеру (зерттеу) жүргізсе, оның барысында істің жағдайлары басқа қатысушы мемлекеттердің мүдделеріне ықпал ететіндігі немесе қозғауы мүмкін екендігі анықталса, ол бұл туралы осы қатысушы мемлекеттің монополияға қарсы органын жазбаша хабарландырады. Жазбаша хабарламаға ұлттық монополияға қарсы заңнаманы бұзу фактілері туралы куәландыратын құжаттар қоса тіркеледі.

2.2. Жазбаша хабарлама басқа қатысушы мемлекеттің немесе оның монополияға қарсы органының пікірлері мен мүмкін болатын іс-қимылдарын ескеру мақсатында, алдын-ала жазбаша хабарлама істі қарауға нұқсан келтіретін жағдайлардан басқа, ал д ы н - а л а ж а с а л у ғ а т и і с .

2.3. Жазбаша хабарлама жіберуге ниет білдірген монополияға қарсы органдар қандай да бір шаралар қолдану алдында осындай жағдайлар кезінде мұндай іс-қимыл істі қарауға нұқсан 0 толық көз жеткізуге тиіс.

2.4. Ж а з б а ш а х а б а р л а м а д а :
қызметі тексерілетін шаруашылық жүргізуші субъектілердің атауы, іс мәнінің қ ы с қ а ш а с и п а т т а м а с ы ;

іске қатысты нормативтік-құқықтық актілер;
жазбаша хабар беруші монополияға қарсы орган ұсынуға қажет деп санаған өзге де м ә л і м е т т е р б о л у ғ а т и і с .

2.5. Жазбаша хабарлама алған монополияға қарсы орган ұлттық заңнамаларға сәйкес тиісті дәрежеде шаралар қолдану мүмкіндігін қарастырады.

3. Ақпаратқа сұрау салу

3.1. Осы Ереженің 1-тармағында көзделген жағдайларда, бір қатысушы мемлекеттің монополияға қарсы органы басқа қатысушы мемлекеттердің монополияға қарсы органдарынан шаруашылық жүргізуші субъектілердің кәсіпкерлік қызметіне қатысты ақпарат бергізу туралы сұрау салу жіберуге құқылы. Басқа қатысушы мемлекет егер мұндай ақпарат ұлттық заңнамаларға сәйкес құпия деп танылса, сұрау салынған ақпаратты беруден бас тартуға құқылы.

Ақпаратты бергізу туралы сұрау салуда оның мақсаты көрсетілуі, істің мән-жайы баяндалуы және қажетті құжаттар қоса тіркелуі тиіс.

3.2. Сұрау салынған ақпарат монополияға қарсы органдар арасында келісілген мерзімде, бірақ сұрау салу түскен күннен бастап үш айдан кешіктірмей жіберіледі.

4. Істі қарау туралы өтініш

4.1. Бір қатысушы мемлекеттің монополияға қарсы органы басқа қатысушы мемлекеттің монополияға қарсы органына монополияға қарсы заңнаманың бұзылғаны туралы істі қарау туралы өтінішті жіберуге құқылы. Өтініш басқа қатысушы мемлекеттің монополияға қарсы заңнамасының бұзылу фактілері туралы куәландыратын құжаттарды қоса тіркей отырып, жазбаша нысанда беріледі.

4.2. Монополияға қарсы орган басқа қатысушы мемлекеттің монополияға қарсы органының өтініші негізінде тәртіп бұзушылық фактілерін қарайды және солар бойынша ұлттық монополияға қарсы заңнаманың талаптарына сәйкес шешімдер қабылдайды.

5. Консультациялар

5.1. Монополияға қарсы органдар жанжалдың туу мүмкіндіктерін мейлінше азайту және өзара қабылдауға болатын шешімдерді қабылдау мақсатында егер істі қарау нәтижесінде қатысушы мемлекеттердің мүдделеріне ықпал етуі мүмкін деп есептеуге айтарлықтай негіз болса, Шартқа қатысты мәселелер бойынша консультациялар ө т к і з е д і .

5.2. Консультациялар өткізуге мүдделі монополияға қарсы орган басқа қатысушы мемлекеттің монополияға қарсы органына қажетті құжаттарды, сондай-ақ олардың қажеттілігінің негіздемесі мен өткізу шарттарының айқындамасын қоса тіркей отырып, кеңесулерді өткізу туралы жазбаша сұрау салуды жібереді.

5.3. Монополияға қарсы органдар консультацияларды келісілген мерзімдерде, сұрау салуды алған күнінен бастап үш айдан кешіктірмей жүзеге асырады.

6. Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңеске жіберілетін материалдар

6.1. Монополияға қарсы органдар Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңестің Хатшылығына:

өзінің монополияға қарсы ұлттық заңнамаларын өзгерту туралы хабарламаларды;
Шартты іске асыру мақсатында әзірленген келісімдер мен басқа да құжаттардың б а с т а м а ш ы л ы қ ж о б а л а р ы н ;

кеңесулердің нәтижелері туралы немесе өзара қабылдауға болатын шешімдердің өзге жолмен қабылдану фактісі туралы хабарламаларды жібереді.

7. Ақпаратты пайдалану

7.1. Осы Ереженің 2,3,4 және 5-бөлімдеріндегі ережелеріне сәйкес алынған ақпарат тек тиісті сұрау салу, істі қарау немесе консультациялар мақсатында қолданылады.

7.2. Монополияға қарсы органдар, олардың лауазымды тұлғалары және басқа

қызметшілер өздері осы Ережені қолдану барысында алынған ақпаратты жария етпеуге тиіс.

2000 жылғы 25 қаңтардағы
Монополияға қарсы келісілген
саясатты жүргізу туралы
шартқа 2-қосымша

Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңес туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңес (бұдан әрі - Монополияға қарсы кеңес) қатысушы мемлекеттердің қызметін үйлестіру үшін, Шарттың сақталуын бақылау үшін, бәсекелестік саласындағы ұлттық заңнамаларды жақындастыру және қатысушы мемлекеттердің тауар рыногындағы монополиялық іс-әрекет пен жат пиғылды бәсекелестікті ескерту, шектеу және жолын кесу жөніндегі құқықтық негіздерді әзірлеу үшін құрылады.

Монополияға қарсы кеңес өз қызметінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Жарғысын, Экономикалық одақ құру туралы шартты, сондай-ақ Достастық шеңберінде жасалған келісімдерді, Мемлекеттер басшылары кеңесінің, ТМД Үкіметтері басшылары кеңесінің шешімдерін, осы Ережені басшылыққа алады және өз қызметін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетімен өзара ықпалдаса отырып, жүзеге асырады.

II. Монополияға қарсы кеңестің функциялары

Монополияға қарсы кеңес:

Тараптардың тауар рыногындағы монополиялық іс-әрекет пен жат пиғылды бәсекелестікті ескерту, шектеу және жолын кесу жөніндегі құқықтық негіздерді құру бойынша бірлескен қызметін үйлестіреді;

бәсекелестік мәселелер жөніндегі ұлттық заңнамаларды әзірлеу мен жетілдіруде Тараптарға жәрдемдеседі;

монополиялық іс-әрекет пен жат пиғылды бәсекелестікті ескерту, шектеу және жолын кесу жөніндегі нақты іс-қимылдарды іске асыру ережелері мен тетіктерін әзірлейді және Тараптарға ұсынады;

Тараптарға монополияға қарсы саясат пен бәсекелестік саласындағы нормативтік-құқықтық, әдістемелік және басқа ақпарат алмасуға жәрдемдеседі;

Шартты іске асыруға байланысты басқа да функцияларды орындайды.

III. Монополияға қарсы кеңестің құқықтары

Монополияға қарсы кеңес өз функцияларын орындау үшін:

Шарт ережелерін іске асыруға байланысты құжаттардың жобаларына сараптама жүргізуді ұйымдастыруға;

құжаттардың тиісті жобаларын дайындау үшін сарапшылар топтарын құруға;

Монополияға қарсы кеңес дайындаған құжаттарды белгіленген тәртіппен Экономикалық кеңестің, ТМД Үкіметтері басшылары кеңесінің және Мемлекеттер басшылары кеңесінің қарауына енгізуге;

өз функцияларын орындауға қажетті ақпаратқа Тараптардан сұрау салуға және алуға;

өз жұмысының регламентін әзірлеуге және бекітуге, сондай-ақ оған өзгерістер енгізуге;

өз құзыретінің шегінде үшінші елдердің монополияға қарсы органдарымен және тиісті халықаралық ұйымдармен жұмыс ықпалдастығын жүзеге асыруға құқылы.

IV. Монополияға қарсы кеңестің құрамы мен құрылымы

Монополияға қарсы кеңес Тараптардың өкілетті өкілдерінен құрылады. Әрбір Тарап Монополияға қарсы кеңеске екі өкілетті өкіл тағайындауға құқылы және ол бір дауыс құқығын иеленеді.

Монополияға қарсы кеңес Тараптардың өкілетті өкілдерінің ішінен Төрағаны және оның екі орынбасарын сайлайды.

Монополияға қарсы кеңес Төрағасы мен оның орынбасарларының өкілеттік ету мерзімі - 2 жыл. Монополияға қарсы кеңестің шешімі бойынша бұл мерзім ұзартылуы немесе қысқартылуы мүмкін.

Төраға:

Монополияға қарсы кеңестің Достастық шеңберінде жасалған келісімдерден туындайтын міндеттерді, Мемлекеттер басшылары кеңесінің және Үкіметтер басшылары кеңесінің шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені орындау жөніндегі жұмысын басқарады;

қажет болған жағдайда, өзіне берілген өкілеттіктер шегінде ТМД Мемлекеттері басшылары кеңесінің, Үкіметтері басшылары кеңесінің, Экономикалық кеңес пен Атқарушы комитетінің, сондай-ақ Достастықтың басқа да жарғылық органдарының отырыстарында Монополияға қарсы кеңестің атынан шығады. Монополияға қарсы кеңестің отырыстарын өткізеді;

Монополияға қарсы кеңестің атынан құжаттарға қол қояды;

Монополияға қарсы кеңестің отырыстар арасындағы жұмысын ұйымдастырады; Монополияға қарсы кеңестің келісімімен оның жұмысын қамтамасыз етуге қажетті өзге де функцияларды орындайды.

Төраға орнында болмаған жағдайда оның функцияларын орынбасарларының бірі орындайды.

Төраға және оның орынбасарлары Монополияға қарсы кеңесте өз мемлекеттерінің өкілетті өкілдерінің мәртебесін сақтайды.

Монополияға қарсы кеңестің құрамына кеңесші дауысқа құқығы бар ТМД Атқарушы комитетінің тиісті құрылымдық бөлімшесінің басшысы кіреді.

V. Монополияға қарсы органның Хатшылығы

Монополияға қарсы кеңес отырыстарының ағымдағы жұмысы мен оны ұйымдастыру-техникалық дайындау функцияларын ТМД Атқарушы комитетінің тиісті құрылымдық бөлімшесі орындайтын Монополияға қарсы кеңестің Хатшылығы жүзеге асырады.

VI. Монополияға қарсы кеңестің қызметін ұйымдастыру

Монополияға қарсы кеңес отырыстарын әзірлеудің және өткізудің кезеңділігі мен тәртібі оның жұмыс регламентімен айқындалады. Монополияға қарсы кеңестің кезектен тыс отырыстары Төрағаның бастамасымен немесе кем дегенде үш Тарап өкілдерінің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

Отырыс қатысушыларының іссапар жөніндегі шығыстарын жіберіп отырған Тарап т ө л е й д і .

Монополияға қарсы кеңестің шешімдері, егер оның отырысына Тараптар өкілдерінің үштен екісі қатысқан жағдайда, заңды болып табылады.

Монополияға қарсы кеңес:

атқарылу міндеттілігі Тараптардың тиісті шешімдерімен расталған шешімдерді; ұсыным сипатындағы шешімдерді қабылдайды.

Монополияға қарсы кеңестің отырыстарына оның шақыруы бойынша қатысушы мемлекеттердің мүдделі ведомстволарының өкілдері, сондай-ақ шетел және халықаралық ұйымдардың өкілдері байқаушы ретінде қатыса алады.

Монополияға қарсы кеңестің шешімдері білікті көпшілік дауыспен (өкілетті өкілдердің дауыс беруге қатысушылар мен келушілердің екіден үшіннің) қабылданады.

Кез келген Тарап басқа мүдделі Тараптардың шешімдерді қабылдауға кедергі ретінде қарастырылуы тиісті емес сол немесе өзге мәселені шешуге өзінің мүдделі еместігін мәлімдей алады. Қабылданған шешімдер өзінің мүдделі еместігін мәлімдеуші Тараптарға қолданылмайды.

VII. Қорытынды ережелер

Монополияға қарсы кеңестің жұмыс тілі орыс тілі болып табылады.

Монополияға қарсы кеңес Хатшылығының орналасқан жері - Мәскеу қаласы.

Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіпке сәйкес енгізіледі.

Осы арқылы қоса беріліп отырған мәтін 2000 жылғы 25 қаңтарда Мәскеу қаласында болған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкіметтерінің басшылары кеңесінің отырысында қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы ынтымақтастығының негізгі бағыттары туралы келісімнің түпнұсқалы көшірмесі болып табылатынын растаймын. Жоғарыда аталған Келісімнің түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақтаулы.

*Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
Атқарушы комитеті төрағасының*

Атқарушы хатшысының орынбасары

**Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңес туралы ереже жобасына
Молдова Республикасының ескертпесі**

Молдова Республикасы осы құжаттың жобасын III бөлімнің жетінші абзацындағы " өз құзыретінің шегінде үшінші елдердің монополияға қарсы органдарымен және тиісті халықаралық ұйымдармен жұмыс ықпалдастығын жүзеге асыруға" деген сөздерден басқа, толық мақұлдайды.

*Ресей Федерациясындағы
Молдова Республикасының*

Төтенше және Өкілетті Елшісі

**Монополияға қарсы келісілген саясатты жүргізу туралы шарт жобасына Украинаның
ескертпесі**

2000 жылғы 25 қаңтар

Монополияға қарсы саясат жөніндегі Мемлекетаралық кеңестің құқық субъектісіне қол жеткізетін ережелерден басқа.

Украинаның Премьер-министрі